

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	11 беттің 1-ші беті

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы
2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025 26.09.2025 ж.
		11 беттің 2-ші беті

КІРІСПЕ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Білім беру бағдарламаларының мазмұнын саралау және дамыту бөлімі

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен 2025 жылғы «26» қыркүйектегі № 2 хаттама

3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ

3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	11 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	4
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
3. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	5
4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ.....	6
5. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	6
6. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	7
7. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСТАРЫН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕРІН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ.....	7
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	8
9. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ.....	9
10. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	10

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	11 беттің 4-ші беті

«Бекітілді»

ҚР МАМ «Т. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
Ғылыми кеңес төрағасы
 А. Жудебаев
№ 2 хаттама 2025 жылғы «26» қыркүйек

1. Қолданылу саласы

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Оқу-әдістемелік кеңесі туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де (бұдан әрі – Академия) Оқу-әдістемелік кеңестің мәртебесін, ұйымдастырушылық құрылымын, өкілеттіктерін (құқықтарын) және жауапкершілігін әкімшілік-құқықтық тұрғыдан бекіту тәртібін айқындайды.
2. Осы Ереженің талаптары Оқу-әдістемелік кеңестің барлық мүшелері үшін олардың қызметі шеңберінде міндетті болып табылады.
3. Осы Ереже Академияның ішкі нормативтік құжаттар жүйесіне кіреді.

2. Жалпы ережелер

4. Академияның Оқу-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі – ОӘК) Академияның білім беру қызметін үйлестіруді және әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ іске асырылатын білім беру бағдарламалары шеңберінде оқу-әдістемелік құжаттаманы сараптауды жүзеге асыратын алқалы консультативтік-ұсынушы органы болып табылады.
5. Оқу-әдістемелік кеңес Академияның бірыңғай әдістемелік саясатын қамтамасыз ету, білім беру үдерісінің сапасын арттыру, оқыту мазмұнын, нысандары мен технологияларын жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына және Академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құрылады.
6. ОӘК өз қызметінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің нормативтік құқықтық актілерін, Академия Жарғысын, Академияның Академиялық саясатын, осы Ережені, сондай-ақ Академияның өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	11 беттің 5-ші беті

7. Оқу-әдістемелік кеңес өз құзыреті шегінде Академияның Ғылыми кеңесімен, академиялық комитеттерімен, құрылымдық бөлімшелерімен және өзге де алқалы әрі консультативтік органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

8. ОӘК шешімдері ұсынымдық сипатта болады және Академияда белгіленген тәртіппен, оның ішінде тиісті уәкілетті органдардың қарауы және бекітуі арқылы іске асырылады.

9. ОӘК қызметін ұйымдастырушылық-техникалық және құжаттамалық қамтамасыз ету Академия басшылығы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Осы Ереже Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі және егер ректор бұйрығында өзгеше көрсетілмесе, бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Оқу-әдістемелік кеңестің мақсаттары мен міндеттері

11. Оқу-әдістемелік кеңес қызметінің мақсаты – білім алушыларды даярлау сапасын арттыруға және білім беру бағдарламаларын іске асыруды жетілдіруге бағытталған Академияның білім беру үдерісін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету болып табылады.

12. ОӘК-тің негізгі міндеттері:

- Академияның бірыңғай оқу-әдістемелік саясатын қалыптастыру және іске асыру;
- білім беру бағдарламаларын іске асыру бөлігінде Академияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін әдіснамалық сүйемелдеу;
- академиялық комитеттер, академиялық сапа жөніндегі кеңестер, факультет кеңестері және Академияның өзге де құрылымдық бөлімшелері әзірлеген оқу-әдістемелік материалдарды ОӘК-тің әдістемелік құзыреті шегінде қарау;
- білім беру үдерісіне заманауи білім беру технологияларын, цифрлық оқыту құралдарын, инклюзивті және интернационалдандыру қағидаттарын енгізуді әдістемелік сүйемелдеу;
- Академияның құрылымдық бөлімшелерінің оқу-әдістемелік қызметі нәтижелерін талдау;
- оқыту мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- оқу-әдістемелік қызмет мәселелері бойынша Академияның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын әзірлеуді бастамашылық ету және оларды дайындауға қатысу;
- білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз етуге және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Академияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігіне жәрдемдесу.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже <u>нормативтік құжат түрі</u>	11 беттің 6-ші беті

4. Оқу-әдістемелік кеңестің өкілеттіктері

13. Оқу-әдістемелік кеңестің өкілеттіктері

Оқу-әдістемелік кеңес өз құзыреті шегінде:

- Академияның оқу-әдістемелік қызметін әдіснамалық үйлестіреді және білім беру үдерісін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді;
- академиялық комитеттер, академиялық сапа жөніндегі кеңестер, факультет кеңестері және Академияның өзге құрылымдық бөлімшелері әзірлеген оқу-әдістемелік материалдар мен ұсыныстарды Академиялық саясатқа, бірыңғай әдістемелік талаптарға және Академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан қарастырады;
- құрылымдық бөлімшелердің білім беру бағдарламаларын іске асыру және оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелерін жалпы талдайды, бірақ білім беру бағдарламаларының мазмұнына тікелей араласпайды;
- заманауи білім беру технологияларын, цифрлық оқыту құралдарын, инклюзивті және интернационалдандырылған тәсілдерді енгізу мәселелерін әдістемелік принциптер мен ұсынымдар деңгейінде қарастырады;
- оқу-әдістемелік қызмет мәселелері бойынша Академияның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын әзірлеуді бастамашылық етеді және оларды дайындауға қатысады;
- білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді;
- ОӘК құзыретіне қатысты мәселелер бойынша Академия ректорына, проректорларға және Ғылыми кеңеске ұсынымдар береді;
- жалпы академиялық сипаттағы әдістемелік мәселелерді талқылауға бастамашылық етеді;
- өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен материалдарды белгіленген тәртіппен сұратады.

5. Оқу-әдістемелік кеңестің құрамы және оны қалыптастыру тәртібі

14. Оқу-әдістемелік кеңес Академияның басшы және педагогикалық қызметкерлері, Академияның студенттік және қоғамдық ұйымдары, жұмыс берушілер, сондай-ақ оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет тәжірибесі бар өзге де мамандар қатарынан құрылады.

15. ОӘК құрамы Академияның міндеттеріне сәйкес құрылатын комиссия арқылы қалыптастырылады.

16. Оқу-әдістемелік қызметке жетекшілік ететін Академияның проректоры оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы болып табылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	11 беттің 7-ші беті

17. Оқу-әдістемелік кеңес төрағасының орынбасары академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы болып табылады.

18. Оқу-әдістемелік кеңес құрамына мыналар кіреді:

- Академияның оқу-әдістемелік және академиялық құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері;
- факультеттердің өкілдері;
- Академия басшылығының шешімі бойынша өзге тұлғалар.

19. Оқу-әдістемелік кеңестің жеке құрамы, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және хатшы, Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

20. Оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы ОӘК мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады және Академия Ректорының бұйрығымен бекітіледі. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

21. Хатшыны ОӘК сайлайды және ол оқу-әдістемелік кеңестің іс жүргізуін қамтамасыз етуге жауапты болады.

22. ОӘК құрамы факультеттер арасындағы өкілділікті және әдістемелік сараптаманы қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріле отырып қалыптастырылады.

23. Оқу-әдістемелік кеңестің өкілеттігі аяқталғанға дейін бір ай бұрын Академия ректоры жаңа оқу-әдістемелік кеңестің құрамын таңдау үшін комиссия құру туралы бұйрық шығарады.

24. Академияның жаңадан сайланған ОӘК жұмысы басталған сәттен бастап Академияның алдыңғы ОӘК өкілеттіктері тоқтатылады.

25. Оқу-әдістемелік кеңестің мүшелері өз қызметін лауазымдық міндеттерін орындау шеңберінде қоғамдық негізде жүзеге асырады.

26. ОӘК жеке құрамына өзгерістер Академия ректорының бұйрығымен белгіленген тәртіпте енгізіледі.

6. Оқу-әдістемелік кеңес қызметін ұйымдастыру тәртібі

27. Оқу-әдістемелік кеңес өз жұмысын оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады.

28. ОӘК отырыстары қажет болған жағдайда өткізіледі, бірақ оқу жылы ішінде кемінде бес рет ұйымдастырылады.

29. ОӘК отырысы бекітілген құрамның жартысынан кем емес мүшесі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

30. Оқу-әдістемелік кеңестің отырыстарын ОӘК төрағасы, ал ол болмаған кезде – төрағаның орынбасары шақырады.

31. Оқу-әдістемелік кеңестің отырыстарына материалдар дайындауды, сондай-ақ ОӘК қызметін ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеуді оқу – әдістемелік кеңестің хатшысы-Білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдау және дамыту бөлімінің өкілі қамтамасыз етеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже <u>нормативтік құжат түрі</u>	11 беттің 8-ші беті

32. ОӘК отырыстарына шақырылған тұлғалар, Академияның құрылымдық бөлімшелерінің, академиялық комитеттердің және Академиялық сапа кеңесінің өкілдері дауыс беру құқығынсыз қатыса алады.

33. ОӘК шешімдері ашық дауыс беру арқылы, қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

7. Оқу-әдістемелік кеңес отырыстарын өткізу және шешімдерін рәсімдеу тәртібі

34. Оқу-әдістемелік кеңестің отырыстары ОӘК төрағасы не ОӘК төрағасының орынбасары қалыптастыратын бекітілген күн тәртібіне сәйкес ОӘК жұмыс жоспары, академия басшылығының тапсырмалары, ОӘК мүшелерінің ұсыныстары және бұрын қабылданған шешімдер негізінде өткізіледі.

35. Оқу-әдістемелік кеңестің отырыстарына материалдар дайындауды тиісті мәселелерге жауапты Академияның құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды адамдары жүзеге асырады және ОӘК хатшысы үйлестіреді.

36. ОӘК қарауына ұсынылатын материалдарға анықтамалық мәліметтер, шешім жобалары және қажет болған жағдайда қосымшалар кіреді. Бұл материалдар белгіленген мерзімде ОӘК хатшысына ұсынылады.

37. Оқу-әдістемелік кеңестің отырысына шығарылатын жекелеген мәселелерді дайындау үшін Академия немесе ОӘК басшылығының шешімі бойынша белгіленген тәртіппен уақытша жұмыс топтары мен комиссиялар құрылуы мүмкін.

38. Жедел қарауды талап ететін ерекше жағдайларда оқу-әдістемелік кеңестің шешімдері ОӘК төрағасы айқындайтын тәртіппен сырттай нысанда қабылдануы мүмкін.

39. ОӘК отырысының барысы және қабылданған шешімдер хаттамаға түсіріледі.

40. Отырыстың хаттамасын ОӘК хатшысы отырыстан кейін 3 жұмыс күні ішінде жасайды.

41. Оқу-әдістемелік кеңес отырысының хаттамасына ОӘК төрағасы, ал ол болмаған кезде – ОӘК төрағасының орынбасары және ОӘК хатшысы қол қояды.

42. Оқу-әдістемелік кеңес отырыстарының хаттамалары істер номенклатурасына және мұрағаттық сақтау талаптарына сәйкес Академияның білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдау және дамыту бөлімінде сақталуға тиіс.

43. ОӘК шешімдері тиісті құрылымдық бөлімшелерге белгіленген тәртіппен жеткізіледі және тиісті бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже <u>нормативтік құжат түрі</u>	11 беттің 9-ші беті

8. Қорытынды ережелер

44. Осы Ереже Академия ректорының бұйрығымен бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жаңа Ереже қабылданғанға немесе оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін әрекет етеді.

45. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академияда белгіленген тәртіппен енгізіліп, Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

46. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешіледі.

47. Осы Ереженің талаптарының сақталуын бақылау Академия басшылығының құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

**Білім беру бағдарламаларының мазмұнын
саралау және дамыту бөлімінің басшысы**








А. Вырахманова

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.65-2025 26.09.2025 ж.
		11 беттің 10-ші беті

Ереже
нормативтік құжат түрі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Білім беру бағдарламаларының мазмұнын саралау және дамыту бөлімінің басшысы		А. Вырахманова
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш. Ергөбек
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы		Г. Әбдірахман
Офис-тіркеуші бөлімінің басшысы		А. Шомшекова
Заң бөлімінің басшысы		О. Тлегенова
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімі		А. Молдабаева

